

Ж. САНДЫБАЕВ

## ӘБУ ХАМИД ӘЛ-ҒАЗАЛИДІҢ КЕМЕЛДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Ортағасыр мұсылмандық Шығыстың рухани-адамгершілік мазмұнын көрсететін Әбу Хамид әл-Ғазалидің мораль философиясы – «мұсылман Ренессанс дәуірі» атанып, бүкіл әлемге танылған ортағасыр мәдениетінің бір бөлігі. Ойшыл, теолог, факиһ (құқықтанушы) және сопы әл-Ғазалидің мұсылман этикасы мен мәдениетінің өркендеуіне өшпес із қалдырғаны сонша, оның күні бүгінге дейін мұсылман дүниесіндегі орны айрықша.

Ғазали басқа ойшылдарға қарағанда өзінің этикалық жүйесін құрумен ғана шектелмеді, керісінше, мұсылмандық Шығыста сол жоғарғы идеяларды жеке өмірінде іс жүзіне асырған аса дарынды әрі құпия тұлғалардың бірі. Ол нәпсісін тәрбиелеп, кемелдікке ұмтылды, сондықтан адамның жанын зерттеу ойшылдың жеке және ішкі қасиеті болды.

Ғазалише адамның кемелденуі, ахлақты тәрбиелеу, көркемдеу, яғни адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытып, кемеліне жеткізу болып табылады. Мұсылман ойшылы кемел адам құндылықтарының жүйесіндегі этикалық категорияларының әрбірін жеке талдады. Осы адамгершілік категориялары бір-бірімен тығыз байланысты. Бұлар адам бойында жиналып, өзара үндестігін тапқанда барып адам кемелдікке жетеді деген пікірді дәлелдеді.

Ғазали бойынша кемел адам құндылықтары жүйесіндегі этикалық категориялардың бірі, бас-қалар жайында жақсы ойда болу (хусну эз-зон). Егер қоғамда адамдар бір-бірі жайында жақсы пікірде болса, онда олардың арасындағы сүйіспеншілік, татулық тұрақтылығы артады. Адамдар бірін-бірі қателіктен, өкінішті істерден аулақ жүреді деп ойлаулары қажет. Ал енді адам өзіне қатысты жақсы пікірде болуы шарт емес, керісінше, бойынан түрлі қателіктер мен өкінішті істердің себеп-салдарын іздеп, соларды түзетуге күш салуы лазым.

Жақсы адам басқалардан кемшілік іздемейді, олардың кемшіліктерін түзетуге тырысып, адамдар жайында тек жақсылық қана ойлайды. Адамның өзін достарынан кіші көруі, олар хақында ізгі ойда болуы және оларды өзінен жоғары санап, оларды қатесіз, өзінің кемшілігін мойындау сияқты әрекет – көркем мінезге ұластыратын түсінік. Адам әрдайым өзгелердің іс-әрекеттеріне қатысты игі ойлап, басқалардың да өзі хақында дұрыс ойлайды деген ойға арқа сүйегені мақұл. Ол басқалармен қарым-қатынасында жасанды емес, шынайы болғаны жөн.

Ал енді басқалар мен жайында жақсы ойда болсын деп жасанды амал қылғандар өздерін де, басқаларды да алдаушылар дейді Ғазали.

Ғазалише кемелдікті көкसेген адам әуелі нәпсіні танып, оның кем және артық қасиеттерін біліп алғаны абзал. Сөйтіп оны бақылауына алып (мурақба), онымен күреседі (мужаһада). Әйтпесе, «Танымайтын және білмейтін адаммен бірге ортақ сауда жасамайтының сияқты, рухымызды, нәпсімізді танымай тұрып, онымен қарама-қарсы тартысқа түсуіміз қиын болмақ» [1, 47].

Адам өзінің бойындағы жыртқыш, жабайы, шайтани және періштелік сипаттарының ақиқатын түсінсе, нәпсісіне ықпал етуі жеңіл. Бұлай жасама-са, онда адамның көптеген қателіктерге ұрынары сөзсіз. Бұған қоса ақылдың көмегімен, әр нәрседі мұны үздіксіз бақылау қажеттілігі тағы бар. Адам жаңа күнді бастамас бұрын нәпсісімен кейбір нәрселерге келісіп алуы тиіс. Бұл күнді пайдалы істермен айналысу арқылы өткізу хақында нәпсісін көндіреді. Оған насихат айтады. Ал кешке тәулік бойы орындаған күллі амалдарын көзінің алдынан өткізіп, жаңылған немесе қателескен жағдайлары болса, оларды түзетуге әрекет қылады деп санайтын Ғазали нәпсіні тәрбиелеуге кеңес береді.

Жамандықтан ұзақтап, өмірін дұрыс өткізгісі келген адамдар күн сайын әрекеттерін бақылап жүрулері тиіс: «Негізінде өзін-өзі бақылау дегеніміз – адамның жасаған әрбір ісін Аллаһ біліп тұрады деп түсіну. Тіпті Аллаһ адамның жүрегінен жылт ете өткен ойды да біледі» [2, 78]. Бұған сенген адам қажет болса, ішкі дүниесіндегі жамандықтардан да, сыртқы әрекетіндегі бұзықтықтардан да тазаруға тырысады дейді ол.

Сол себепті адам надандықтан құтылып, өміріне жаңа рең беру маңыздылығын түсінуі лазым. Түсіну, күллі жақсылықтардың кілті әрі қайнар көзі. Түсіну күшінің арқасында адам өз нәпсісіндегі жаман сипаттардың мәнін білуге, олардан арылуға, алшақтауға тырысады. Адам ұйқыдан тұрғанда бүгінгі күнді қалай да бұзық істерден алыстатып, жақсылықтарды көбейту жолдарын ойлауы тиіс.

Ғазалише кемелдік жолында нәпсісін тәрбиелеуді қалаған адам, қандай бір іс-әрекет жасаған уақытта және одан кейін де өзін бақылауға алуы қажет. Нәпсісін тәрбие астына алмаған адамның бойында, жаман мінездер мен қылықтар әдеттегі құбылыстың

қалпына түсе бастайды. Бұл кезде жаман қылықтарды адам бойынан алып тастауы қиынның-қиыны болмақ.

Түсіну күшінің арқасында жақсыны жаманнан, түзуді қатеден айыруды қалаған адам, бұл күшті жақсы үйрету мен дамыту жүйесі арқылы тәрбиелейді, ахлақ қағидаларын оқиды. Сөйтіп ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін жеңіл айыратын болады.

Ғазалидің пікірінше, адам ақыл, көз, тіл сияқты нығметтерін басқалардың қателіктерін іздеуге, адамдарға жамандық ойлауға, оларға кесір тигізу жолдарына жұмсап, шаршауы дұрыс емес, керісінше, бос уақытын өз кемшіліктерін түзетіп, көркемдеуге пайдаланғаны мақұл. Өзін танығысы келген адам, жағымпаздық қылмайды деп сенген досына өз бойындағы қателіктерін, кемшіліктері мен жақсылықтарын айтып көрсетуін өтініш қылса жөн. Ол досы оның жаман немесе жақсы мінезді екенін айтып жатса, онда түзелудің мүмкіндігі арта түседі.

Бойдағы кемшіліктерді зерттеудің келесі жолы, дұшпанның өзі жайында айтқан пікіріне құлақ салу. Себебі дұшпан адамның жақсылығын көрмейді. Ол оның қате-кемшіліктерін санап жүреді. Сол сияқты адам басқалардың қателіктерінен үйреніп, олардан көрген жағымсыз қылықтарды байқап, өзін ондай қасиеттерден тазалауға тырысады.

Ғазали «мужаһаде» сөзіне: «Нәпсіні пәктеу оны күллі бұзықтықтан тазарту. Жаман қасиеттерден арылып, кемелділікке ұласу», – деп анықтама береді [1, 47].

Сондықтан да ол нәпсімен күресу, адам рухының азығы. Нәпсімен күреске түскен рух, оны жеңгенде рахатты сезінеді. Нәпсі, басқаларына көп қиындық пен пәле көрсетуге құдіретті. Оны зиянды қылықтардан ұзақта ұстап, пайдалы іс-әрекеттерге бейімдеу үшін оны тәрбиелеу керек екеніне кеңес береді.

Сол сияқты нәпсі танымсыздық, мешкейлік қасиетіне ие. Оның сұрағанын берген уақытта, одан да зорын қалап, адам бір пәлекетке ұрынады. Бұдан құтылудың жолы, нәпсінің сұраған нәрселеріне қарсы тұру дейді ойшыл. Адам нәпсімен күресті бастаған шақта нәпсінің жамандықтарын байқай отырып, оның қалаған, сүйген нәрселеріне бой алдырмауы лазым.

Адам әуелі өзінің нәпсісін теріс қылықтардан тазартып, сосын барып басқаларға жәрдем береді екен. Пенде жақсылықтарды жасаған кезде нәпсісімен күреседі, оған кеңес береді, әрі ізгілікке жігерлендіреді [2, 22].

Ғазалише, өз нәпсісін түзеген адам, отбасын, туыстарын да түзетуге атсалысады. Қасындағы адам-

дарды жақсылыққа баулып, олардың игі іс жасауларына септігін тигізеді, көркем мінезді қоғамның қалыптасуына аз да болса үлесін қоса алады. Ал енді жеке басын түзей алмаған адам басқаларын да түзеп қатырмайды.

Науқас адамның дәрі-дәрмек ішіп, денсаулығын жаңадан қалпына келтіргені сияқты, нәпсіні емдеу мен түзету де оның теріс сипаттарын жо-йып, көркем қасиеттерге иелену арқылы іске асады.

Ғазали надандық – біліммен, сараңдық – жомарттықпен, тәкаппарлық – кішіпейілдікпен жеңілсе, ал нәпсінің күресі оның қалаған нәрселерін орындамай, оған қарсы тұру арқылы болатынына сенеді. Сондықтан бойында сараңдық қасиеті басым адам малынан беріп жұмсауға, ал ысырапшыл адам, керісінше, үнемдеуге күш жұмсауы қажет. Сол сияқты ойшыл, ахлақ нәпсіде нық орналасатынын, өзін күштеу арқылы малын сарп қылған адам жомарт, өзін қинау арқылы кішіпейілдік танытқан адам тез арада қарапайым бола салмайтынын айтады. Алайда, табандылық күшін жұмсау арқылы жақсы мінезге ие болудың бір жолы, адам бастапқыда қиналғанымен, уақыт өте бұл әрекеттер үйреншікті құбылысқа айналады [3]. Адам әдеттенген жаман мінезін тастауы үшін, өзін қинап, жақсы қылықтарды орындауды үйреншікті әдетіне қалыптастыруы керек. Жаман мінез-құлық әдетке айналғаны сияқты, жақсы мінез де қалыпты әрекетіне айналары сөзсіз екенін дәлелдейді.

Теріс қылықтардың орны жақсы қылықтармен толтырылады. Себебі емделу дегеніміз әр нәрсенің қарама-қарсылығымен болады. Әдеттенген жамандықты жақсымен алмастыру кезінде нәпсіге оны мақұлдатып, ақырын әрекет қылып, оны асықтырмаған жөн. Себебі адамның табиғаты асығушылықты, түбегейлі өзгерістерді қабылдамайды, – дейді ойшыл. Жақсы қылықтарды әдеттенген жағдайға келтіру үшін, адам әдеттелінуі қажет мінезді сүйіп, олардың тигізетін мол пайдасына сенуі қажет.

Ғазалидің айтуынша, адамды мінезінің жақсы және жамандығына қарап, өзара топтайтын болсақ, онда адам үш түрлі жағдайда көркем мінезді болады. Біріншісі, адам дүниеге келген кезінен бастап көркем мінезді, яғни көркем мінезді болып туылды. Екіншісі, адам көркем мінезге лайық қылықтарды әдетіне айналдыру жаттығулары арқылы, өзін қинап ие болады. Үшіншісі, адам көркем мінезді адамдармен араласып, оларға еліктеудің арқасында қол жеткізеді [2, 301].

Ал енді жаман мінез тұрғысынан қарағанда, адам төрт түрлі болып келеді: Біріншілер, надандар, яғни жақсыны жаманнан айыруға қабілеті жоқтар. Мұндай адамдар жақсы тәлім-тәрбиенің арқасында

аз уақыттың ішінде көркем мінезді үйренулері мүмкін. Екіншілері, жаманның жаман, жақсының жақсы екенін айыра алатындар. Бірақ олар нәпсінің құмар қалауына еріп, солардың ырқынан шыға алмайды. Бұл адамдарды көркем мінезге үйрету алғашқы топқа қарағанда едеуір қиын.

Осы екі топтағы адамдарды бақылау мен тәлім-тәрбиенің астына алып, оларды түзетуге болады. Ол үшін олар нәпсіде қалыптасқан жаман қылықтарды тәрік етіп, өздері игі нәрселерге ұмтылулары лазым. Үшінші топтағыларға келсек, олар жаман қылықтарды жақсы мінез деп үйренген және солай жасау дұрыс деп түсінетіндер. Бұлардың тәрбиеге көнетіндері сирек кездеседі. Төртіншілер, бала кезінен қылықтары бұзық, әрі мінезі жаман бір әлеуметтік ортада өсіп ержеткен адамдар. Бұлар айналасындағыларға жамандық жасауды және адамдардың жақсылық жақтарын жамандыққа жорады. Осылай жасау арқылы атақ пен абыройдың артатынына сенеді. Бұл топтағылардың тәрбиесі адам тәлімі арқылы болмайды, бәлкім Аллаһтың ықпалымен іске аспақ.

Құмарлық пен хайуани ахлақты тәрбиелеп, ұят, ар-ождан, қанағатшылдық, байсалдылық пен мейірімділікті иеленіп, сабырсыздық пен ашуды өз бақылауында ұстай білсе. Сондай-ақ, жұмсақтық, батырлық, басқаларға жақсылық жасау мен жомарттық мінездерін бойына сіңіріп, шайтани ахлақты тәрбиелесе, онда ол адамға түсіну, үйрену және білгеніне амал ету сияқты сипаттар дариды деп сенеді ойшыл.

Алайда құмарлық пен ашу қасиеттерін мүлдем жоқ ету мүмкін емес, бірақ ұзақ жаттығулар арқылы оларды тәрбиелеуге әбден болатынын жоққа да шығармайды. Кейбір адамдардың тәрбиесі туғанынан немесе уақыт өте өздерін соған үйрету арқылы келген болса да ғажап емес. Адамның нәпсіні жеңуі, оны өз әміріне бағындыруы, оның нәпсі құлдығынан құтылып, бостандыққа жету нығметі, – деген Ғазали, – ол үшін адам үнемі жамандыққа итеретін нәпсінің, сұраған және қалаған нәрселерін тәрік етуі қажет. Оның жасаған жақсы қылықтары, құмардың қалауына шектеу қояды, нәпсінің жаман зұлматынан құтқару амалына ұласады. Бұлай құтқарылған адамда көкірек көзі ашылады деп жігерлендіреді.

Ғазали нәпсіні тәрбиелеудің қарапайым жолын айтады. Ол, адам құмар қалауының әрекетіне көшіп, бос сөзден ләззат ала бастағанда, аз жеп, аз ұйықтап және аз сөйлеуі шарт. Сөйтіп өзіне балта шапқалы тұрған амалдан қорғануы тиіс. Себебі аз тамақтану, құмарлық күшін әлсіретеді, аз ұйқы бұзықтықты басады, аз сөз тілдің апатынан құтқарады

дейді.

Нәпсіні тәрбиелеу жолында күш салып, бірақ оңды нәтижеге жетпеген үшін Ғазали басқа әдіс айтады. Мұндай адамдардың басқалардан оқшауланып жүрсе, онда көпшіліктің арасында болатын рия (көз бояушылық), жаман ой, өтірік айту сияқты т.б. теріс мінездерден алшақтай түседі. Сол сияқты егер адам жасаған бұзықтығы үшін қатты өкініп, оған қайта жақындамауға уәде берсе, онда оның бұл амалы да оны жамандықтан алыстатады.

Ғазалише, жүрегінде Аллаһтан қорқуы бар пенделердің бұзық істерден аулақ болуы жеңіл. Аллаһтан қорыққан адамдар тілін бос және өтірік сөздерден сақтайды, өздерін қол, аяқ және көз сияқты дене мүшелері арқылы жамандық жасаудан қорғайды. Жүректі жамандықтан тазалау жолында жүрес жүргізеді.

Кемелдікті толықтыратын адамгершілік құндылықтарының келесі категориясы – сүйіспеншілік. Ғазали сүйіспеншілік туралы: «Жүректің, ләззат алатын нәрсесіне ынтызар болып тұруы. Орнығып, күшейген кезде мұны – ғашықтық дейді» [4], – деген. Анықтамадан байқалғандай, сұлу нәрселерге жүректің ынтызар болуы, оған жақын тұруы – сүйіспеншіліктің негізі. Сондықтан сүйіспеншілік, көркем сипаттың жемісі. Көркем мінез ынтымақ-бірлікті, сүйіспеншілікті орнатады.

Адам сүйген кісілеріне тең қарайды, оларға кеңес береді және жақсы мақсатта насихат айтады. Ғазали сүйіспеншіліктің екі түрлі болатынын алға тартады. Адам бір нәрсені сүйген уақытта, оның болмысын сүйеді, не сол арқылы басқа сүйікті нәрсесіне қол жеткізу үшін сүйеді. Сұлулық дегеніміз – пішін сұлулығы және мінез сұлулығы. Сұлу нәрсенің барлығы сүйкімді, әрі тәтті.

Ойшылдың айтуынша, кейбір кісілер басқаны болмысы немесе мінезі үшін емес, онымен тіл табыса алатындығы үшін сүйеді және соның жәрдемі арқылы қол жеткізе білген сүйікті нәрселерін де сүйеді. Мысалы, ақша, билік пен мансап т.б. Расында ақша, мансап сияқты нәрселер сүйікті нәрсеге қол жеткізу үшін де қолданылады. Сүйіспеншіліктің ең жоғарысы, адам сүйетін және сүйетін нәрсесіне қатысты күллі нәрсені ұната бастайды деп түсіндіреді ол.

Жүрек Аллаһқа деген махаббатқа толы болса, ол күллі жаратылысты сүйе бастайды. Өйткені олар – Аллаһтың белгілері. Бір адам біреуді сүйсе, оның киімін, басқан жерін, дауысын т.б. соған қатысты дүниелерді сүйеді. Адамның бір нәрсеге сүйіспеншілігі артқан шақта, онымен дос болу, жәрдем көрсету былай тұрсын, ол үшін кезкелген

нәрсені пада етеді. Сүйіспеншіліктің дәрежесі, соның жолында басқа сүйген нәрселерін тәрік қылған көрсеткішпен өлшенеді, – дейді Ғазали.

Мұнан соң мұсылман ойшылы, адам әуеліде өзін жақсы көреді, кейін өзінің нәсілін сақтаушы баласын, өзіне құрметпен қарайтын, сыйлықтар беретін және адамдарға пайдасы бар кісілерді сүйеді, – деп сүйіспеншіліктің түрлері мен себептерін санайды. Қоғамның ең жақсы көретін адамы, басқаларға жәрдем беретіндер және жомарттар мен көркем мінезді тұлғалар дейді.

Ғазали сүйіспеншіліктің бастапқы шарты білім екенін көрсетеді, яғни адам білген, түсінген, рахат тапқан және ұнатқан нәрселерін сүйетінін білдіреді. Кез келген адам өз болмысының, өмір сүруінің үздіксіз болғанын сүйеді, өлімді жек көреді. Әсіресе, қолындағы малын, балаларын, бауырлары мен достарын сүйеді. Сол сияқты адам өзіне жасалған жақсылықтарды да сүйеді.

Жақсылығы үшін бір адамды сүю, оның болмысы үшін емес, бәлкім жақсылығы үшін сүйген саналады. Демек, жақсылық кемитін болса, сүйіспеншілік те азаяды. Жақсылық мол болса, сүйіспеншілік те артады. Егер жақсылық кетсе, сүйіспеншілік те кетеді. Адам бойындағы жақсы мінезі неғұрлым көп болса, адамдардың оған деген сүйіспеншіліктері де соғұрлым сарқымайды.

Ғазалише, шынайы сүйіспеншілік, бір нәрсені шынайы болмысы үшін сүю. Мұндай сүйіспеншілік тұрып ескірмейді немесе азайып таусылмайды. Сондықтан да сұлулыққа болған сүйіспеншілік, сұлулықтың нәтижесі. Сұлулықты таныған кезкелген пенде оны сүйеді. Сұлулықты түсіну, рахаттану деген сөз. Сыңғырлап аққан бұлақ, жасыл табиғат сол сияқты т.б. дүниелерді адам баласы олар сұлу болғандықтан жақсы көреді.

Жақсы көру, білімнен кейін келеді. Білім болмаса, сүйіспеншілік те болмас. Сол сияқты білім әлсіз болса, сүйіспеншілік те әлсіз келеді. Сүйіспеншілік ауған нәрсе хақында білім қаншалықты артса, сүйіспеншілік те сол шамада молая түседі. Адамның жүрегі сүйіспеншілікпен азықтанады. Пенденің жүрегінде отбасына, білімге, мансапқа, отанына деген т.б. сүйіспеншілік бар. Жүректе осы сүйіспеншіліктердің қайсысы басым келсе, жүрек сонымен әлек болады [5].

Ойшыл, шынайы сүйіспеншілік, жақсы көрген нәрсесіне қолы жегіп, мұқтаждығын қанағаттандырған соң белгілі болатынын айтады. Егер адам қажетін қанағаттандырған соң, бастапқыда сүйген нәрсесін тәрік қылса, онда оның бұл сүйіспеншілігі шынайы емес. Адам болмысында жақсылыққа,

сұлулыққа, ізгі амалдар мен кемелдікті жақсы көру ерекшеліктері бар болғаны сияқты жамандықты, бұзық амалдарды жек көру қасиеттері де бар екенін анық мысалдармен көрсетеді.

Сол сияқты әйелді, малды, өнерді, абырой мен атақты және т.б. басқа дүниелік нәрселерді аса сүю, адамға пайда келтірмейді, керісінше, оған зиянын тигізеді. Себебі бұл нәрселер бір күні түс сияқты жоқ болып кетуі мүмкін. Сонда адам қатты қайғырады. Егер адам бұларға аса махаббат қоймаса, онда қайғыдан да аман қалады деген сөз. Бір нәрсені шектен тыс сүю, адамды соқыр, әрі саңырау етеді. Ол өзінің сүйіктісінің қате-кемшіліктерін көрмейді, не естімейді. Дұрысты бұрыстан айыра алмай қалуы себепті кемелдікке көтеретін көркем мінездердің бірін, жаман қасиетпен ауыстып алу мүмкіндігі бар, – деп құлап сүюдің де кемшілігін көрсетеді.

Кемел адамның келесі қасиеті – кешірімшілдік. Ғазалише кешірім, адам өзіне тиесілі ақысын алмай, оны ризашылығымен бас-қаға бағыштау. Менің түгеншеде ақым кетті деп кек қайтармау. Сол сияқты өзіне жасалған жақсылыққа қарсылық қылмау, дөрекі сөйлесе, жауап қайтармау, ғайбатқа ғайбатпен қайтармау сияқты жақсы амалдардың барлығы кешірім саналады.

Егер адам өзіне жасалған әділсіздікке қарсы шықпай, бұзық сөзден аулақ тұрса, бұл оның кемелдігін көрсетеді. Адамдар арасындағы ең жоғарғы қасиет – жамандыққа жақсылықпен қайтару. Сол себепті жамандықты кешіру – ғажайып адамның сипаты.

Ғазалидің ойынша, ақыл мен даналық кешірім мінезін жақсы көреді. Айыптыны жазалау және оны өлімге тігу сияқты амалдармен салыстырғанда ақыл кешірімді қалайды. Сол сияқты қоғам да, ақысын алу үшін жазалауға қарағанда кешірімді жақсы көреді, әрі мақұл көреді. Олай болса қоғамда жақсы көрілген адам болудың жолы – кешірімді болу.

Мұсылман ойшылы сырды сақтай білу қасиетін мақтаулы мінездердің қатарына жат-қызып, сырды сақтау дегеніміз: «Сөзді жасыру және оны өзінде ұстауға қатысты көрсетілген сабырлық. Оны ешкімге айтпау қажет. Пенде естіген, көрген нәрселерін жан адамға айтпай, оны өзінде сақтай білсе сырды сақтаған болады» [1, 227], – дейді.

Сырдың есігі – жүрек, ал кілті – тіл. Тілді сөйлетпеу қиын болғандықтан, адамдардың да сырды ұстап жүруі ауыр. Ақылды адам сырдың кілтін қорғауы тиіс. Шынында адамдардың басына келетін машақаттардың жарымы сырды сақтай алмауының салдарынан келеді. Адам сырды сақтаса, сыр оның есігі, ал оны басқаларға жайса, онда адам сырдың

есігіне айналады. Сырын айтқан адамдардың басымы мақсаттарына жете алмай әлек. Себебі сырдың ашылуы, сырды естушілердің соған шара қолдануына себеп болады, - деп сырға дәл анықтама берген ойшыл – сыры бар адамның сырын ашуы, немқұрайлық деп біледі. Егер сыр өзінікі болса өзіне, досының сыры болса досына, мемлекеттік болса мемлекетке немқұрайлық танытқаны деп сырдың маңыздылығын білдіреді.

Ғазали адамдардың кемшілігін байқамағанып, айыбын жасырып, сырын сақтап, басқаға тіс жармау – жетілген жанға тән қасиет екенін айтады. Адамның қылығына жараспайтын әрекетті көріп, оны жасыру, ешкімге тіс жармау деп санайды. Кемелдікті сүйген пенде ғайбатты, жалған сөзді, адамдардың жамандығын тыңдамай, құлағын қорғайды. Көзімен басқалардың кемшіліктеріне қарамауы тиіс және тілімен басқалардың сырын жаймауы лазым.

Сондай-ақ, адам өз науқастығын, әлеуметтік қажеттіліктері мен таршылық сияқты түрлі қиындық жағдайын жасыра білуі – ізгілік қазынасының ең қымбаттысы. Алайда, бұларды жақсы ниетпен айтатын болса, зарары жоқ деп түсіндіреді.

Кемел адамның бойында болуы тиіс адамгершілік құндылықтарының келесі категориясын Ғазали адалдық деп атайды. Адалдық мінезі, өзінен бұрын баяндалған этикалық категориялардан артық болмаса, олардың ешқайсысынан кем емес. Адам достарына адал болу керектігін баса айтқан ойшыл, пенденің мансабы мен мүмкіндіктері артқан сайын достыққа берік болып, оларды ұмытпауы қажет дейді. Достыққа адал адам досы қайтыс болғаннан кейін оның отбасына да қарайласып тұрады. Досының жолдастары мен бауырларының қал-жағдайын біліп тұрады, қажеттіліктері болған жағдайда, оларға қол ұшын беруге тырысады. Адам досына әрқашан кішіпейіл, онымен айырылысуды ойламайды және досының дұшпанымен дос болудан қашады.

Ойшылдың сөзімен айтар болсақ: «Адам досының ағайындарына, жолдастарына, отбасына, балашағасы мен қызметшілеріне де адал қарым-қатынас жасайды. Себебі досының жақындарына жақсы қатынас қылу, оның өзіне жақсы қатынас жасағаннан да маңыздырақ. Егер мансапқа, билік пен дәулетке ие болса, онда достарына сол әуелдегі сияқты кішіпейіл болуы лазым. Оларға тәкаппарлық қылмайды. Сол сияқты оның жолдасы да достыққа тұрақтылық танытып, одан ешбір себеппен айырылмауы тиіс» [6].

Кемел адамды басқалардың арасынан айы-

рып тұратын келесі ерекшелік – мейірім. Ғазали мейірімді: «Адамдарға жаны ашып, оларға жәрдем мен жақсылық жасауды шын қалау», – дейді [1, 59]. Ол адам болмысы екі мінезде жаратылғанын айтады. Біріншілері, жаратылысынан ынсапты және мейірімділер. Екіншілері, мейірім мен ынсап мінездерін уақытпен үйренгендер.

Адамдар жер бетіндегі күллі жаратылысты сүйіп, оларға мейірімді болулары лазым. Себебі адамдар әуелі сүйіспеншілік пен мейірімге мұқтаж. Бұлардың арасынан Ғазали ешбір жақыны жоқ, қариялар сияқты жандар көмекке бірінші кезекте мұқтаж болғандар деп алға шығарады. Адамның мейірім жарығы оның қасындағы жандарға ғана емес, жануарларға және күллі дүниеге шуағын шашып тұруы қажет. Олар жануарларды өлтіріп, орман мен жасыл желекті өртемеуге міндетті.

Сондай-ақ, мейірімді адам үлкендерге құрмет көрсетеді, кішілерге қамқоршы болады. Адамдардың кемелдігі мейірім қасиетіне ие болуымен айқындалады. Расында да, мейірім – жақсы және ақылды адамдардың зейнеті. Жоқтықты көрмеген, таршылықты білмеген адамның мейірім қасиетін түсінуі қиын. Мейірімді түсінгісі келген адамдар, өздерін ойша болса да, әлсіз адамдардың орнына қоюлары қажет. Солардың дәрежесіне түсіп көрулері керек. Осы жағдайды түсіне білген адам басқаларға мейірім сипатын көрсетеді.

Ғазалидегі кемел адамның Ибн Араби мен Жәләлиддин Румидегі «инсанун кәмилуннен» айырмасы, бұл екеуі, яғни Ибн Араби мен Жәләлиддин Руми мистикалық «фән» және экстаз арқылы Құдаймен бірігетін «мушафид» өте сезімтал адамды жасады.

Ғазалидің кемел адамы болса басқа, жанның тазаруын талап қылатын және тақуалық арқылы өзін тәрбиелеп, Құдайдың нұрына бөленуге әзілік қылатын этикалық-моральдық жолды таңдайды.

Ғазалидің адамгершілік дүниетанымынан туындап, бүкіл шығармаларында желілеп тарап жатқан кемел адам туралы ой-толғаныстарының құяр арнасы адамның өзін-өзі тануы сөзінде жатыр. Осы ой байламында Ғазали тарататын мораль философиясы мен адамгершіліктің негізгі желісі. Осы наным тұрғысынан туындап отырған кемел болудың ең басты тетіктері ретінде ақыл, ерлік және жұмсақтық пен әділдік болды.

Әбу Хамид әл-Ғазали осы адамгершілік пен «кемелдікке жету» тақырыптарын нысанаға алып, оларды өз бойына сіңіре білген ғалым. Оның этикалық құндылықтар жүйесі қазіргі заманда да қоғам-

дағы адамгершілікті қайта жандандыру құралы ретінде тәжірибелік құндылыққа ие.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газали.* Мизан әл-Ағмәл. – Дамаск, 1987. – 250 б.
2. *Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газали.* Кимия әс-Сағада. – Байрут-Лубнан, 1994. – 346 б.
3. *Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газали.* Әл-Мункиз мин әз-Зәләл. – Стамбул, 1992. – 226 б.
4. *Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газали.* Мукашафат әл-Қулуб. – Любнан, 1997. – 58 б.
5. *Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газали.* Бидаияту әл-Һида. – Қаһира, 2002. – 254 б.
6. *Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Газали.* Әл-Иктисад фи әл-Иғтикад. – Қаһира, 1976. – 225 б.

#### Резюме

Рассматривается проблема учения о совершенстве Абу Хамида аль-Газали. Автор раскрывает этическо-моральный путь совершенного человека аль-Газали, требующий от последователей воспитания и очищения души.

#### Summary

The article it is considered the problems teaching of perfection by Abu Khamid al-Gazali. The author up the Ethical and Moral way of Perfect Man demand from the follow education and brash soul.